

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**II БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 жыл

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ II**

25 мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX<sup>th</sup> Astana Economic Forum

**PART II**

25 may 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,  
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕ МЕНШІК СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ОНЫ ДАМУ

*Нұрғали Ж.Б., Әбдіқалық Н.М., Амренова Ғ.Қ.*  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қ., Қазақстан Республикасы  
E-mail: zhansaya.nurgali@bk.ru

Қазіргі таңда Қазақстанда мемлекеттік-жеке меншік серіктестіктің дамуы еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамып, алға жылжуына зор көмегін тигізеді. МЖС мемлекет пен жеке меншік арасындағы әлеуметтік-экономикалық тапсырмалардың үлкен шеңберін шешу мақсатында мемлекет тарапынан болатын бақылауды сақтай отырып, жауапкершілікті, тәуекелдік мен пайданы оңтайлы бөлісу негізіндегі қарым-қатынас деп түсіндіріледі. МЖС – инвестиция тартудың жаңа әрі тиімді тәсілі, себебі серіктестіктің бұл түрі тек экономиканың өсуіне ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік маңызды инфрақұрылымды дамытуға әсер етеді. Мұнда мемлекет жеке меншіктің бизнес жобаларына қосылмайды, керісінше, мемлекет бизнесті қоғамдық маңызы бар жобаларға қатысуға шақырады.

Мемлекеттік-жеке меншік серіктестігінің базалық нышандарының ішінен негізгі түсіндірмелер ретінде келесілерді атауға болады:

- Орта мерзімді және ұзақ мерзімді қарым қатынастар;
- МЖСдағы тараптар мемлекет және жеке меншікпен ұсынылған;
- МЖСдағы тараптардың өзара әрекеттестігін белгілі келісімшарттар арқылы дайындау;
- Рисктерді, пайданы, құқықтарды және міндеттерді әріптестер арасында өзара тиімді бөлісу;
- МЖС объекті бойынша жеткен нәтижелілігін мемлекеттік секторы арқылы айқындау.

2015 жылы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мемлекеттік-жеке меншік серіктестіктің құқықтық жағдайларын, оның жүзеге асырылу тәсілдерін айқындайды және мемлекеттік-жеке меншік серіктестік жобасын дайындау мен іске асыру, мемлекеттік-жеке меншік серіктестік шартын жасасу, орындау және тоқтату процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді [1].

Мемлекеттік-жеке меншік серіктестіктің (МЖС) басты мақсаты қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыратын тәуекелділігі төмен жобаларды екі тараптың ресурсы мен тәжірибесін біріктіре отырып дамыту.

### Кесте 1

МЖС-ның мықты және әлсіз жақтарын анықтау үшін SWOT-талдау

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
1) мемлекет пен жеке меншіктің арасында тәуекелдер, міндеттер мен құқықтардың теңдей бөлінуі; 2) мемлекеттік бюджетке жүктеменің азаюы; 3) өкімді қоспағанда, жеке меншікке мемлекеттің меншігіндегі мүлікті пайдалану құқығын беру (құрылыс пен пайдалану келісімшартын қоспағанда); 4) МЖС нысанына кететін мемлекеттік шығындардың айқындығы; 5) оператор(жеке меншік) әрекетіне әсер ету тетіктерін сақтау;	1) бюджеттік инвестициялармен салыстырғанда жоспарлау шараларының ұзақтылығы; 2) нарық конъюктурасының өзгеруімен байланысты ұзақ мерзімге болжамдаудың қиындығы; 3) кейбір секторларда шектеулердің болуы – тарифтік, лицензиялық, т.б; 4) ірі жобаларға инвесторларды жұмылдырудың қиындығы; 5) инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру үшін қаржылық қол жетімділік; 6) МЖС аясындағы нормативтік-құқықтық

б) жаңа технологияларды жылдамырақ енгізу; 7) тұтынушылар қажеттілігіне деген қызметтердің нақты бағыт алуы; 8) банк секторы мен қор нарығының дамуын ынталандыру; 9) жеке ішкі және сыртқы инвестицияларды жұмылдыру; 10) шағын және орта бизнесті дамыту; 11) жеке меншіктің мемлекеттік және жергілікті органдармен жасалатын ұзақ мерзімді келісімшарт түрінің әртүрлілігі.	базаның жетілмегендігі.
<b>Мүмкіндіктер</b>	<b>Қауіптер</b>
1) саяси қолдау; 2) халықаралық ұйымдар тарапынан қолдау; 3) МЖС аясындағы нормативтік-құқықтық базаның жетілуі; 4) елді дамытуға әсер ететін ұзақ мерзімді бағдарламаларың жүзеге асырылуы; 5) көлік және энергетика саласында концессия қолдану тәжірибесінің болуы; 6) жеке меншікпен қарым-қатынастың жаңа формаларының пайда болуы; 7) МЖС аясында білім мен тәжірибе алып, оны тарату; 8) жаңа жұмыс орындарының құрылуы; 9) «жоба жанындағы» инфрақұрылымның дамуы; 10) оңтайлы бағамен сапалы қызмет көрсетілуі; 11) халықаралық стандарттар, модельдер және т.б енгізілуі;	1) инфляция деңгейінің өсуімен және минералдық ресурстардың бағасымен байланысты елдің қаржылық көрсеткіштерінің нашарлауы; 2) МЖС аясында білімнің жетіспеуі; 3) жаңа технологияларды пайдалану барысында білікті мамандардың жетіспеуі; 4) стандарттардың үйлесімсіздігі.

Кесте 1-де көріп отырғанымыздай МЖС механизмін пайдалануға әсер ететін оң және теріс факторлардың бірталайы бар екен. Жүргізілген талдау арқылы МЖС-ны дамыту үшін қандай нақты қадамдар жасауға болатынын және қандай мәселелерге аса назар аудару керек екенін көре аламыз. МЖС-ны қолданудың мықты және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін салыстыру келесі тұжырымдарды шығаруға көмек береді:

- МЖС механизмін пайдалану арқылы жобаларды жүзеге асыру барысында салалық министрліктер мен жергілікті атқарушы органдар ішкі факторларды және айрықша артықшылықтарды пайдалана алады;

- талдау барысындағы мүмкіндіктер болашақта МЖС механизмін қолданудағы мықты жақтар бола алады;

- МЖС аясындағы білімнің жеткіліксіз деңгейі аса назар аударуды қажет етеді және бұл жағдайды жақсарту үшін сәйкес стратегиялық әрекеттер қолға алынуы қажет.

МЖС-ны дамыту бюджеттен тыс қаржыны жұмылдыру және жеке меншік тарапынан сапалы басқару арқылы инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру барысындағы тиімді құралдардың бірі болып табылады және Қазақстан Республикасының Үкіметінің мемлекеттік саясатының шеңберіндегі өзекті мәселе болып отыр [2]. Қазіргі таңда МЖС аясында бірнеше жобалар қолға алынып отыр:

- Алматы қаласында жеңіл рельсті көлік желісін салу және пайдалану;
- Шымкент қаласындағы 1500 адамға арналған түзеу мекемесі;
- Шымкент қаласында автомобильдік айналма жолын салу және пайдалану;
- Ақтау қаласында көпбейінді аурухана салу және пайдалану, Маңғыстау облысы;
- Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында көпбейінде аурухана салу және пайдалану;

- Шығыс Қазақстан облысының Семей қаласында қалалық балалар ауруханасын салу және пайдалану;
- Үлкен Алматылық автомобильдік айналма жолын (ҰАААЖ) салу және пайдалану;
- Алматы бекетінің теміржол түйінін айналып өтетін айналма теміржол желісін салу және пайдалану;
- ШҚО Күршім ауданында Бұқтырма су қоймасы арқылы көпірлі өткелді салу және пайдалану;
- «Алматы қаласындағы ШЖҚ РМК «С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті» жанында көпбейінді аурухана салу және пайдалану».

Қорытындылай келгенде, МЖС жобаларына қатысу отандық инвесторлар үшін ұзақ мерзімді бизнеспен қамтамасыз ететін, жыл сайынғы мемлекеттік сатып алудың баламасы болса, ал мемлекет үшін қызмет көрсету секторын дамытуға себеп болады. Сондай-ақ, МЖС-ны дамыту бюджетке салмақ түсуін азайтады және жеке меншіктің қоғамға қызмет көрсетуге деген қызығушылығын оятады. «МЖС туралы» заңға сәйкес бизнес тек негізгі: денсаулық сақтау, жол құрылысы және білім беру секілді салаларда ғана емес, экономика саласында да өз жобаларын ұсына алады. Мемлекет өз тарапынан МЖС үшін жер телімдерін бөліп, мемлекеттік көмек және төлемдер төлейді. Сонымен қатар, инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етіп, нысандарды қолдану және басқару үшін мемлекеттік жекеменшікке береді. МЖС кезінде қоғамның қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған жобаларды іске асыру үшін мемлекет пен жеке меншік бірлесіп жұмыс атқарады, сондықтан бизнес қуатты болса, мемлекет те қуатты болады.

#### **Әдебиеттер:**

1. <http://adilet.zan.kz/>.
2. Экономическая политология. Отношения бизнеса с государством и обществом: учебное пособие /под ред. А.Д.Богатурова. - М.: Аспект Пресс, 2012.
3. Государственно – частное партнерство: теория и практика /В.Г. Варнавский, А.В.Клименко и др. – М.: Изд. дом ГУ – Высшей школы экономики, 2010.
4. <http://www.stat.gov.kz/>.
5. Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік серіктестік орталығы <http://kzppp.kz/>.

## **КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТЬ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОЙ ИНТЕГРАЦИИ**

*Кубыгулова Ш.М., Мамонова А.С., Сулейменова У.Ш.*

Евразийский Национальный Университет им. Л.Н. Гумилева,  
г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: [kubygulova96@gmail.com](mailto:kubygulova96@gmail.com), [mamonovanastasiya@gmail.com](mailto:mamonovanastasiya@gmail.com), [umit888@mail.ru](mailto:umit888@mail.ru)

Как известно, конкуренция является одним из основных элементов рыночной экономики, с помощью которого хозяйствующие субъекты борются за доходы, за свое место в системе производства и потребления. В связи с развитием экономической интеграции и глобализации мирового хозяйства конкуренция захватывает целые страны и региональные блоки. Таким образом, в современных условиях конкурентоспособность проявляется на всех хозяйственных уровнях: на индивидуальном уровне (на рынке труда), на микроуровне (уровень предприятий), на мезоуровне (уровень отраслей и секторов), на макроуровне (уровень всей экономики в целом), на глобальном уровне (для межстрановых сопоставлений) [1].

В условиях довольно сильного роста конкуренции в мировом масштабе все более важной становится роль государства в обеспечении конкурентоспособности страны и ее повышении. Политика государства в разных странах может строиться на различных теоретических и идеологических принципах, но вряд ли возможно добиться существенных